

"Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел резервінің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 856 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 маусымдағы № 363 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 наурыздағы № 131 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.03.2022 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел резервінің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 856 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 48, 488-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның жедел резервінің материалдық құндылықтарының номенклатурасы мен көлемінде:

"Гигиеналық заттар" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 26, 27, 28, 29, 32, 33, 34-жолдар алып тасталсын;

"Кір жууға, кептіруге және ас үйге арналған мүлік" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 35, 36, 61, 62-жолдар алып тасталсын;

"Шаруашылық мүлкі" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 73, 97-жолдар алып тасталсын;

"Әкімшілік үшін кеңсе тауарлары және ұйымдастыру техникасы", "Тамақ өнімдері", "Жанар-жағармай материалдары" деген бөлімдер алып тасталсын;

"Дәрілік заттар" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

138	Жүрек-қантамырлық, спазмолитикалық және гипотензиялық дәрілік заттар	ампула, қаптама	1000
139	Анальгетиктер және жергілікті анестетиктер	ампула	1000

140	Гормоналдық препараттар	ампула	100
141	Антисептикалық құралдар	флакон	1000
142	Антигистаминді препараттар	ампула	300
143	Психотроптық препараттар	ампула	160
144	Б а с қ а фармакотерапиялық топтардың препараттары	қаптама	292
145	Антибиотиктер, сульфаниламидтер	қаптама	180
146	Плазмаалмастырғыш, тұзды, инфузиондық ерітінділер	флакон	180

”;

"Байланыс құралдары" деген бөлім алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов